

Сатыбалдиева Динара Оразовнанын 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Жобалар портфелін басқаруда көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесін әзірлеу әдістерін жетілдіру» атты тақырыпта орындаған диссертациялық жұмысына берілген

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі;</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесені саналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі;</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесені саналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация тақырыбы ғылыми дамудың басым бағыттарына сәйкес келеді</p> <p>Диссертациялық жұмыс 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында қойылған мақсаттар аясында орындалды.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Бұл диссертация экономика мен жобаларды басқару саласына үлкен үлес қосады. Бүгінгі таңда маңызды көрсеткіштерді бөліп көрсету ҚР компаниялардың экономикалық дамуы үшін өте маңызды мәселе болып табылады. Осыған байланысты докторант жұмыстың маңыздылығын жеткілікті ашып қарастырған.

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Диссертациялық жұмыс авторының дербестік (өзі жазу) деңгейі жоғары және ол әдеби деректерді талдаудан, жоба портфелі үшін теңдестірілген көрсеткіштерді іріктеудің ұсынылған кешенді әдісі бойынша есептеулер жүргізуден, алынған есептік деректер мен тұжырымдарды әлеуметтендіруден және түсіндіруден тұрады</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігін негіздеу үшін автор шетелдік және отандық әдеби дереккөздерге жан-жақты шолу жасады, оның негізінде әрі қарай зерттеудің заманауи әдістері мен бағыттарын айқындады және анықтады</p>
		<p>Диссертациялық жұмыс диссертация тақырыбын толық көрсететін теңдестірілген көрсеткіштерді тандаудың кешенді әдісін жасауға арналған. Диссертацияның мазмұны осы диссертация тақырыбы бойынша зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толық айқындайды</p> <p>Диссертациялық жұмыста автор диссертация тақырыбына толық сәйкес келетін зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін нақты, сауатты тұжырымдады</p> <p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты – стратегиялық мақсаттар мен теңдестірілген көрсеткіштерді тандауда стратегиялық теңестіруді қамтамасыз ету негізінде жобалар портфелін басқару құралдары мен әдістерін дамыту.</p> <p>Зерттеу міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - компаниядағы жобалар портфелін басқарудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеу; - жобалар портфелін басқарудағы теңдестірілген көрсеткіштер жүйесінің орны мен ролін айқындау; - теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін әзірлеудің заманауи әдістері мен құралдарын талдау; - «ЭйрАстана» әуекомпаниясының қолданыстағы көрсеткіштер жүйесіне талдау жүргізу; - әуекомпанияның ТҚЖ-ны қалыптастыру алгоритмін 	<p>Диссертациялық жұмыс диссертация тақырыбын толық көрсететін теңдестірілген көрсеткіштерді тандаудың кешенді әдісін жасауға арналған. Диссертацияның мазмұны осы диссертация тақырыбы бойынша зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толық айқындайды</p> <p>Диссертациялық жұмыста автор диссертация тақырыбына толық сәйкес келетін зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін нақты, сауатты тұжырымдады</p> <p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты – стратегиялық мақсаттар мен теңдестірілген көрсеткіштерді тандауда стратегиялық теңестіруді қамтамасыз ету негізінде жобалар портфелін басқару құралдары мен әдістерін дамыту.</p> <p>Зерттеу міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - компаниядағы жобалар портфелін басқарудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеу; - жобалар портфелін басқарудағы теңдестірілген көрсеткіштер жүйесінің орны мен ролін айқындау; - теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін әзірлеудің заманауи әдістері мен құралдарын талдау; - «ЭйрАстана» әуекомпаниясының қолданыстағы көрсеткіштер жүйесіне талдау жүргізу; - әуекомпанияның ТҚЖ-ны қалыптастыру алгоритмін

және кешенді әдістемені әзірлеу, ұсыну және оның ғылыми негіздемесі;

- әуекомпанияда жобалар портфелін басқарудың тиімді жұмысын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- теңдестірілген көрсеткіштерді қадағалап отыратын мониторинг панелін әзірлеу.

Диссертациялық жұмыста барлық бөлімдер, тараулар, кіріспе және қорытынды, сондай-ақ ғылыми ережелері логикалық түрде өзара байланысты, зерттеу тақырыбына сәйкес келеді

Диссертациялық жұмыста тиімді көрсеткіштерді сұрыптаудың жаңа тұрпаттағы кешенді әдісі ұсынылған, ол әдістің кемшіліктері көрсетілген, олардың сыни талдауы жүргізілген. Автор жаңа нәтижелерді ұсынады:

Жобалар портфеліне енетін стратегиялық мақсаттар тандауда сараптамалық бағалау жүргізіліп, 24 мақсаттың ішінен 15 стратегиялық мақсаттар таңдалынып, маңыздылығына қарай орналастырылды (ранжирленді). Сарапшылардың келісімділігін анықтау үшін рангтер матрицасы құрылды, оның дисперсиясы есептелінді, вариация коэффициенттері анықталып, айнымалының квадраттық ауытқуларының орташа мәні табылды. Сарапшылардың қорытындысы жиналған соң, орташа келісімділігі Кэнделл коэффициентімен анықталды, сапалы бағалау үшін Харингтон ұсынған ауызша-сандық бағанды қолдану арқылы сарапшылар келісімділігі жоғары екендігі анықталып, ол Пирсон критерийімен расталды

- «ЭйрАстана» әуекомпанияның жобалар портфеліне енетін мақсаттарды өлшеу үшін ең маңызды (тиімді) көрсеткіштерді сұрыптауға шешім қабылдаудың

4.4. Диссертацияның барлық бөлімдерімен құрылысы логикалық байланысқан:

- 1) толық байланысқан;
- 2) жартылай байланысқан;
- 3) байланыс жоқ

4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:

- 1) сыни талдау бар;
- 2) талдау жартылай жүргізілген;
- 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген

көпкритериалды әдістері қолданылды. Оның ішінде аналитикалық иерархиялық талдау әдісі мен нақты емес аналитикалық иерархиялық талдау әдістерінің жиынтығынан тұратын кешенді әдіс ұсынылды. Екі әдістің есептелу алгоритмі жүйеленіп, әрбір кезеңдері егжей-тегжейлі анықталып, әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетіліп, не себепті бір әдістен екінші әдіске көшу негіздемесін қолдану арқылы жетілдірілгені дәлелденілді. Кешенді әдіс кезінде көрсеткіштердің салмақтарын табуда көптеген әдістер қолданылды, атап айтқанда, келісімділік индексі, нақты емес жиындар әдісі, Чанг ұсынған триангулярлы айқын емес сандар әдісі, ауырлық центрі әдісі, деффафикация, фаззификация әдістері. Әдістерді қолдану нәтижесінде 36 көрсеткіштен барлығы 22 тиімді көрсеткіштер салмақтарына қарай сұрыпталып, таңдалынды, маңыздылығына қарай ранжирленді. Төрт перспектива бойынша барлық көрсеткіштердің салмақтарының басымдықтары диаграмма түрінде берілді.

- Кешенді әдіс негізінде таңдалынған тиімді көрсеткіштердің арасындағы себеп-салдарлық байланыстар корреляциялық талдау әдісі негізінде айқындалды. Көрсеткіштердің өзара арасында (горизонталь байланыс) және әр перспектива көрсеткіштері арасында (вертикаль байланыс) әлсіз және күшті байланыстар Чеддок ұсынған шкала бойынша ажыратылды. Бұл байланыстар график түрінде салынды.

- Сарапшылармен таңдалынған маңызды 15 стратегиялық мақсаттар мен кешенді әдіс арқылы сұрыпталған 22 тиімді көрсеткіштер негізінде «ЭйрАстана» әуекомпаниясының стратегиялық картасы жасалынды. Көрсеткіштердің мақсаттық мәндері, стратегиялық жоспарлары анықталды, жауапты тұлғалары белгіленді. Стратегиялық карта

көмегімен менеджерлердің стратегияны жақсы және тұтас түсінуіне көмегін тигізетіні, компания басшыларының басқарудың жаңа құралына көшуін жеңілдететіні, бұл өз кезегінде, менеджменттің нәтижелілігіне әсер ететіні, сөйтіп, персоналдарды басқару үрдісіне тарта отырып, компанияны басқару ісін дұрыс жолға қоятыны туралы тұжырымдар жасалынды.

Диссертациялық зерттеу барысында ізденуші алған тұжырымдар мен қорытындылар жаңа болып табылады. Ғылыми нәтижелердің жаңалығы:

1-нәтиже жаңа болып табылады, өйткені автор теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі мәселелеріне бар көзқарастарды сыни талдау негізінде «теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі» ұғымының өзіндік түсіндірмесін ұсынды;

2-нәтиже жаңа болып табылады, «Клиенттер» перспективасы «Клиенттер және бәсекегеқабілеттілік» деп аталып ұлғайтылды және «Ішкі бизнес-үдерістері» перспективасы «Ішкі операциялық үдерістер» перспективасы болып өзгертілді

3 нәтиже жаңа, «ЭйрАстана» компаниясының стратегиялық картасының құрылымдық сызбасы жасалынды;

4 нәтиже жаңа, жобалар портфелін басқару үшін сараптамалық бағалау әдісінің көмегімен ең маңызды стратегиялық мақсаттар таңдап алынды, маңыздылығына қарай орналастырылды;

5 нәтиже жаңа, иерархиялық талдау әдісі мен нақты емес иерархиялық талдау әдісін біріктірудің көмегімен ең тиімді көрсеткіштерді, перспективаларды сұрыптауды анықтайтын кешенді әдіс ұсынылып, сол әдістер бойынша есептеулер жүргізілді;

6 нәтиже жаңа, көрсеткіштер арасындағы ең күшті және әлсіз себеп-салдарлық байланыстар корреляциялық талдау

5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?

1) толығымен жаңа;

2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);

3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

5. жаңашылдық принципі

әдісі негізінде айқындалды;

7 нәтиже жаңа, компанияның іс-әрекеттерін тиімді көрсеткіштердің көмегімен қадағалап және бақылап отыру үшін компания басшыларына арналған «Мониторинг панелі» деп аталатын құжат әзірленді.

Диссертацияның қорытындылары мүлдем жаңа, зерттеу нәтижелерінен туындайтын, нақты және негізделген. Таңдалған зерттеу объектілерінде диссертациялық жұмысты орындау кезінде көрсеткіштерді таңдаудың әртүрлі әдістері алғаш рет жан-жақты зерттелді. Диссертацияның қорытындылары мүлдем жаңа, бұл Scopus деректер қорының журналдарында жұмыстың негізгі қорытындыларының жариялануымен расталады.

Бұл шешімдер толығымен жаңа және негізделген.

5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?

- 1) толығымен жаңа;
- 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);
- 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?

- 1) толығымен жаңа;
- 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);
- 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

6. Негізгі қорытындылардың негізділігі

Диссертациялық жұмыстың барлық тұжырымдары ғылыми тұрғыдан дәлелді түрде негізделген

Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)

7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар

Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:

7.1 Қағидағ дәлелденді ме?

1) дәлелденді;

2) шамамен дәлелденді;

3) шамамен дәлелденбеді;

4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

1) ия;

2) жоқ

7.3 Жаңа ма?

1) ия;

2) жоқ

7.4 Қолдану деңгейі:

1) тар;

2) орташа;

3) кең

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) ия;

2) жоқ

Диссертацияда ұсынылған және қорғауға ұсынылған барлық негізгі ережелер:

1) негізді түрде дәлелденген;

2) тривиалды емес; Бұл диссертациялық жұмыста тривиальдылық элементтері жоқ. Зерттеулердің барлық табылған заңдылықтары мен ерекшеліктері жеңілдетілмеген түрде, яғни жобаларды басқару саласындағы заманауи білім тұрғысынан қарастырылды.

3) жаңа; Диссертацияның қорғауға ұсынылған тұжырымдар жаңа болып табылады, өйткені бұрын диссертация тақырыбы бойынша ұқсас ғылыми ережелер мен зерттеу нәтижелері болмаған.

4) қолдану аясының кең ауқымы болуы; Диссертант ұсынған ғылыми тұжырымдар қолдану деңгейі кеңінен бағаланады

5) автордың мақалаларында дәлелденген, Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша 2 мақала Scopus деректер базасына енгізілген журналдарында, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымда 3 ғылыми еңбек және 4 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жарияланды

Диссертацияның негізгі тұжырымдарын ұсыну әдістемесі жұмыста өте жақсы және жан-жақты дәлелденген.

8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған

1) ия;

2) жоқ

8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі

8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:

- 1) ия.
- 2) жоқ

Мақсатқа жету және алға қойылған міндеттерді шешу үшін докторант тиімді көрсеткіштерді таңдау үшін келесі әдістерді қолданды:

- Т.Саатидің иерархияларды талдау әдісі
 - нақты емес иерархияларды талдау әдісі;
 - Чангтың үшбұрышты әдісі;
 - фазификация және деффазификация әдістері.
- Стратегиялық мақсаттарды таңдау үшін келісімділік индексі мен Конкордация коэффициенті арқылы сараптамалық бағалау әдісі қолданылды. Ал көрсеткіштер арасындағы себеп-салдар байланысын анықтау үшін корреляциялық әдіс қолданылды. Барлық әдістер Excel бағдарламасының көмегімен есептелді.

8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар сандық эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және есептеулермен расталады

расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):

- 1) ия.
- 2) жоқ

8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған

Жұмыста диссертант маңызды мәлімдемелерді нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып растайды. Диссертациялық зерттеуде отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтемелер берілген

8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз

Диссертациялық жұмыста әдебиеттер тізімінде 186 дереккөз бар, бұл әдебиеттерге шолу жасау үшін жеткілікті

9 Практикалық құндылық принципі

9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:

- 1) ия;
- 2) жоқ

9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:

- 1) ия;
- 2) жоқ

9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?

- 1) толығымен жаңа;
- 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);
- 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

10. Жазу және ресімдеу сапасы

Академиялық жазу сапасы:

- 1) жоғары;
- 2) орташа;
- 3) орташадан төмен;
- 4) төмен.

Диссертацияның теориялық маңызы бар, оның ішінде отандық және шетелдік ғалымдардың компания портфелін басқарудағы теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі (ТКЖ) бойынша еңбектері, сонымен қатар ТКЖ әзірлеу әдістері туралы жұмыстар құрайды. Теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі түсінігінің анықтамасын негіздеді

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы әзірленген әдістемені компаниялардың тәжірибесіне енгізуге болатынында. Диссертацияның нәтижелерін жоғары оқу орындарының экономика мамандықтарында оқылатын «Менеджмент» «Жобаларды басқару», Жобалар портфелін басқару» пәндері бойынша сабақтарды өткізуде пайдалануға болады

Тәжірибе үшін ұсынылған ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады

Жұмыс ғылыми стильде жазылған және қойылған талаптарға сәйкес келеді. Академиялық жазудың сапасы жоғары, мәтін қолжетімді және түсінікті тілде жазылған. Дегенмен, жұмыста келесідей кемшіліктер бар:

1. Диссертациялық жұмыста отандық компанияларда теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін енгізу туралы мәліметтер аз қамтылған.
2. Компания көрсеткіштерінің өсу қарқынын есептеуге көрсеткіш мәліметтері 2020 жылмен шектелген. Алайда, бұл көрсетілген кемшіліктер диссертацияның теориялық және практикалық мәнділігін еш кемітпейді.

Сатыбалдиева Динара Оразовнанын «Жобалар портфелін басқаруда көрсеткіштердің тендестірілген жүйесін әзірлеу әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық көлемде орындалған, жұмыстың жаңалығы мен өзектілігі бар, PhD диссертациялық жұмысқа қойылған барлық талаптарға сәйкес келеді, сондықтан ізденуші Д.О.Сатыбалдиеваны 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
экономика ғылымдарының кандидаты,
Нархоз университеті,
«Экономика» ғылыми-білім беру
департаментінің ассистент профессоры



Жунисбекова Г.Е.